

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Саяси ғылымдар.*  
*Аймақтану. Шығыстану. Түркітану сериясы, № 2 (127)/2019, б. 61-68*  
<http://bulpolit.enu.kz/>; E-mail: vest\_polit@enu.kz

XҒТАР 11.25.19.

**О.Ж.Өтегүлов<sup>1</sup>, Б.Б.Бюлегенова<sup>2</sup>, Г.Р.Шерьязданова<sup>3</sup>**

<sup>1,2</sup>*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан*

<sup>3</sup>*С.Сейфуллин атындағы Қазақ Агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан*

*(E-mail:JohnFKennedy@mail.ru<sup>1</sup>, bibigul\_bb@mail.ru<sup>2</sup>,sheryazdang@gmail.com<sup>3</sup>)*

### **Ядролық баланс: таралу мен тежелу**

**Аңдатпа.** Осы уақытқа дейін елімізде жазылған ғылыми еңбектерде ядролық қару мәселесіне қатысты біраз зерттеулер жүргізілгенімен нақты талдау жасаған еңбектер жоқтың қасы. Бұл мақалада әлемде жойқын қару саналатын ядролық қарудың таралуы мен тежелуіне және ядролық қаруға ие мемлекеттердің қарасындағы қарым-қатынасқа қатысты талдау жасалады. Қазіргі таңда әлемде оннан астам мемлекет иелік етіп отыр және тағы біршама мемлекет осы қару түріне қол жеткізуге ұмтылып отыр. Бұл әлемдік қауіпсіздікке төнген үлкен қатер ретінде қарастыруға болады. Кезінде Кеңес Одағы кезінде ядролық сынақтардан қатты зардап шеккен мемлекет ретінде Қазақстанның қолындағы ядролық арсеналынан бас тартуы әлемдегі бейбітшілікті сақтауға қосқан үлесі. Қазақстан ядролық қарусыздану бағытында жүргізген саясатын әрі қарай да жалғастыра бермек. Алайда атом бомбасына ие мемлекеттердің қолдарындағы қаруларынан бас тартуы өте күрделі мәлесе. Біз осы мақалада ядролық қару мәселесіне қатысты жағдайларды қарастырамыз. Сондықтан да осы мақала сол оқшылықтың орнын толтыруға септігін тигізеді деген сенімдеміз.

**Түйін сөздер:** ядролық қару, бейбітшілік, АҚШ, Ресей, Франция, Ұлыбритания, Үндістан, Пәкістан, Қытай, БҰҰ, қырғи-қабақ соғыс, ядролық текетірес

<https://doi.org/10.32523/2616-6887/2019-127-2-61-68>

**Кіріспе.** Тарихи деректерге сүйенсек, Екінші дүниежүзілік соғыс басталмас бұрын Еуропадағы фашистік тәртіптен қашқан ғалымдар АҚШ-қа келіп, ядролық қаруды жасауға қызығушылық танытқан. 1940 жылы Америка үкіметі Ұлттық ғылыми және әскери зерттеу орталығында осы ғалымдардың басын біріктіріп, жеке ядролық қару жасау жобасын қаржыландыра бастайды. Сөйтіп, құпия мақсатта АҚШ-тың инженерлік және байланыс әскері «Манхэттен жобасы» атты бағдарламамен құпия орталықтың құрылысын қолға алады. Келесі бір-екі жыл көлемінде ғалымдар байытылған уран - 235 және плутонийдің Пу-239 негізгі материалдарын дайындаумен айналысады. Атом бомбасы Джулиус Роберт Оппенгеймердің басшылығымен Нью-Мексика штатының Лос-Аламос деген жерінде іс жүзінде сынақтан өткізіледі. Ядролық қару өзінің алғашқы күшін осы жерде көрсетеді. Осыдан соң әлемде қарудың осы бір түріне қызығушылық күрт артып, мұның арты қырғи-қабақ соғысқа алып келді.

Мақсаты мен міндеттері. Негізгі мақсат қазіргі әлемдегі ядролық қаруға ие мемлекеттердің жағдайын салыстырмалы талдап, мониторинг, контент, статистикалық талдауларды пайдалана отырып, негізгі орын алған мәселелердің саяси-әлеуметтік сипатын анықтап, Қазақстан Республикасының ядролық қарудан өз еркімен бас тарту тәжірибесін ескере отырып әлемдегі ядролық қару мәселелерін шешуге әсер етуге болатынын талдау.

Негізгі міндеттері ретінде қарастыратынымыз:

- Екінші Дүниежүзілік соғыс аяқталған соң қырғи-қабақ соғыспен қатар басталған әлемдік ядролық текетірес тарихына шолу жасау;
- Ядролық баланс мәселелеріне тоқталу және ядролық таралу мен тежелу саясатының


негізгі сипаттары мен бағыттарын талдау, тетіктерін қарастыру оның іске асырылу жолдарын анықтау;

Қазіргі таңдағы ядролық қаруды тежеу мен ядролық қарудың таралуы түсінігі соңғы 70-жылдан бергі тарихтың ең өзекті мәселелерінің бірі. Осы аралықта ол халықаралық қауіпсіздіктің басты нысаны ретінде қаралып келеді. Осы бір екі түсініктің өзара қатынасын немен салыстыру көруге болады деген сұрақ көтерілгенде, оларды бір-бірімен жалғасқан қан тамырларымен салыстырғаннан артық мысал таба алмаймыз. Бір-бірімен жалғасқан тамырлар, міне, осы халықаралық саясаттағы ядролық фактор. Олар шынымен де бір-бірімен мықтап матасқан және де кезек-кезек алдыңғы орынға шығып отырады, сондай-ақ бір-біріне ықпалы өте күшті. Алдымен осы екі түсінікке жеке-жеке тоқтала кетейік: ядролық тежеу дегеніміз не? Түсінікті тілмен айтқанда - бұл ядролық қару қолдану қаупімен қарсыластың қандайда бір басқыншылық әрекетінің алдын алу. Яғни, сіз қарсылас жақты сізге қарсы ядролық қару қолданатын болса сіз де солай жасайтыныңызды айтып қорқытасыз. Міне, ядролық тежеу дегеніміз осы. Ал ядролық қарудың таралуы дегеніміз көптеген мемлекеттердің қандай жолмен болса да ядролық қаруға қол жеткізуі. Ең бастысы, соңғы уақытта көріп отырғанымыздай, мемлекеттік емес құрылымдардың, яғни халықаралық террористік ұйымдардың ядролық қаруға қол жеткізуге деген жанталасы, оған қол жеткізіп өз мақсаттарына қолдануға ұмтылуы. Ядролық қарудың таралуы дегеніміз осы.

Осы екі құбылыс бір-бірімен тығыз және диалектикалық байланыста. Дегенмен де, ядролық тежелу - ядролық қаруға ие мемлекеттердің қолында және де ол аталған мемлекеттердің ұлттық қауіпсіздігін, сондай-ақ әлемдік аренада олардың мүдделерін қорғаудың тиімді құралы ретінде қарастырылады. Сол себептен де көптеген мемлекеттерде қарудың осы бір түрін иеленуге ұмтылыс пайда болады. Осыдан келіп ядролық тежелу ядролық таралуға ұласады. Және керсінше де болады. Мұның керісінше байланысы да бар. Ядролық қаруы бар мемлекеттердің клубының кеңеюі тежелуді әлдеқайда күрделендіреді және кейбір жағдайларда тұрақсыз болып келеді. Мемлекет ядролық таралуы арқылы ядролық қарудың санын мейілінше көбірек аттыруы ядролық тежелуді қамтамасыз етеді – себебі мемлекетте өзінің қауіпсіздігін қамтамасыз етудің ядролық қаруды ұстағаннан өзге амалы қалмайды. Алғашында бір, сосын екі, үш, ақырында ондаған қарсыласына қарсы болу. Қолында ядролық қаруы бар мемлекеттер сонымен қалғысы келеді. Мысалы: Қырғи-қабақ соғыс аяқталған соң жұрттың бәрі Ресей мен АҚШ өзінің ядролық арсеналын қысқартуда елеулі қадамдарға барады деп күтті. Алайда олай болған жоқ. Айтарлықтай үлкен көлемде қалды. Тек тоқсаныншы жылдардың соңында ғана аталған ел басшылары Мәскеуде АҚШ пен Ресей алдағы 10 жылдықта әртүрлі стратегиялық класқа жататын ядролық оқтұмсықтардың санын шамамен 2000 данаға дейін қысқарту туралы уағдаластыққа қол жеткізді. Осыдан кейінгі шығарылған ең негізгі түйін келесідей: әлемде ядролық қарудың таралуы жүріп жатыр. 10 жылға арналған перспектива тек сол 10 жылдың ішінде ғана орындалуы керек. Ешкім де одан әрі қысқартуға баруға тәуекел еткісі келмейді. Әлемдегі ең үлкен ядролық арсеналға ие ұлы державалардың одан да тереңірек қысқартуға барғысы келмейтіні түсінікті. Бұл өз кезегінде ядролық қаруға ие өзге мемлекеттерге өз арсеналдарын аталған шекке дейін еш кедергісіз жеткізуге жол ашады. Міне, жоғарыда аталған екі маңызды құбылыстың диалектикалық өзара қатынасы дегеніміз осы [1].

Әрине, ядролық тежелу мен таралу тең дәрежедегі факторлар емес. Қырғи-қабақ соғыс жылдарында, әсіресе өткен ғасырдың 60-жылдарының басымен 90-жылдардың басында ядролық тежелу әлем назарында болды. Ол кезде әлемде екі ұлы держава болды – Америка Құрама Штаттары мен Кеңес Одағы және олардың одақтастары болды. Олар дүниені қақ жарып өздерінің ықпал ету аймақтарына бөліп алды. Олар сондай-ақ аса үлкен көлемде ядролық потенциал жасау арқылы өзара қару-жарақ жарысына түсті. Бұл жарыстың ең қатты қызған кезінде – 1985- жылы әлемде 70300 стратегиялық және тактикалық ядролық оқтұмсық болса, олардың 70 мыңы аталған екі державаға тиесілі болды. Кеңес

Одағы 40 мың, Құрама Штаттар 30 мың шамасындағы ядролық оқтұмсыққа иелік етті. Оқтұмсықтардың басым көпшілігі 1945- жылы тамыз айында Жапонияның Хиросима және Нагасаки қалаларына тасталған ядролық бомбалардан әлдеқайда қуатты болды. Сол себептен де ядролық таралу ол кезде екінші орынғады мәселеге айналды. Себебі аталған екі алыптың ядролық жарыста бақталастығы бүкіл әлемдік саясатты анықтап отырды. Олардың қарқынына ядролық қаруға ие өзге мемлекеттер ілесе алмайтын еді [2]. 1945-2018-жылдар аралығындағы әлемдегі ядролық қаруға ие мемлекеттердің ядролық арсеналының көрсеткіштерінің ара-қатынасы №1 суретте көрсетілген:












Сурет-1. 1945-2018-жылдар аралығындағы әлемдегі ядролық қаруға ие мемлекеттердің ядролық арсеналының көрсеткіштері.

Қырғи-қабақ соғыс аяқталған соң жағдай тез өзгерді. Ядролық ұлы державалар арсеналдарын үлкен көлемде сақтап қалғанына қарамастан ядролық тежелу, әсіресе екі державаның арасындағы ядролық тежелу екінші орынға ығысты. Себебі Кеңес Одағы құлаған соң оның орнын басқан Ресей мен АҚШ бұдан былай жанталаса қарулануда бақталастар саналмайтын және орынның арасындағы соғыстың болу қауіпі төмен болды. Ал алдыңғы қатарға ядролық қарудың таралу мәселесі шықты. Екі державаның ядролық жарысының көлеңкесінде біраз өзге мемлекеттер де ядролық қаруға қол жеткізіп алған еді: 1952-жылы Ұлыбритания, 1960-жылы Франция, 1964-жылы Қытай, 1974-жылы Үндістан, 1979-жылы Израиль т.б. Ядролық қаруға ие мемлекеттердің қатары да, олардың арсеналдары да жылдан-жылға өсе түсті. Ядролық қаруға қол жеткізуді көздейтін мемлекеттердің де қатары аз емес еді. Бұл өз кезегінде әлемдік саясатты күрделендіріп жіберді [3].

Қазіргі таңда әлемде 9 мемлекет ядролық қаруға иелік етеді. Олардың ядролық потенциалы келесідей:

Ядролық қаруға ие мемлекеттердің қазіргі таңдағы сандық көрсеткіші.

Мемлекеттер	Оқтұмсықтар (Қолдануға дайын / Барлығы)	Алғашқы сынақ уақыты	Алғашқы сыналған жері	Сынақтар саны
 АҚШ	1,750 / 6,450	16.07.1945 («Trinity»)	Аламогордо, Нью-Мексико	1,054
 Ресей	1,600 / 6,850	29.08.1949 («RDS-1»)	Семипалатинск, Қазақстан	715
 Ұлыбритания	120 / 215	03.10.1952 («Hurricane»)	Монте-Велло аралдары, Аустралия	45
 Франция	280 / 300	13.02.1960 («GerboiseBleue»)	Сахара, Француз Алжирі	210
 Қытай	? / 280	16.10.1964 («596»)	Лоп-Нур, Ксинжианг	45
 Үндістан	12/ 130–140	18.05.1974 («SmilingBuddha»)	Похран, Раджистан	6
 Израиль	белгісіз / шамамен 60–400	1960 – 1979 аралында		
 Пәкістан	0 / 140–150	28.05.1998 («Chagai-1»)	Рас Ко Хилз, Белуджистан	6
 Солтүстік Корея	0 / 10–20	09.10.2006	Килджу, Солтүстік Хамгионг	6

2018-жылғы дерек бойынша қазір әлемде 14,485 ядролық оқтұмсық бар. Оған қоса әлемнің 5 ядролық қаруға ие емес мемлекетінің территориясында ядролық қару сақталып тұр. Олар: Бельгияның Клейн Брогел әскери базасында 10-20 шамасында, Германияның Бючел базасында 20, Италияның Геди Торре базасында 40, Авиано базасында 50, Нидерландының Волкель базасында 22 және Түркияның Инджирлик базасында 60-70, жалпы саны – 202-222 аралығындағы ядролық қару бар [4]. Бұлардың барлығы да АҚШ-қа тиесілі қарулар. Аталған мемлекеттер АҚШ-тың НАТО-дағы одақтасы ретінде өз елдеріндегі базаларда орналастырған. Осыншама көп көлемдегі ядролық қарулардың айтарлықтай үлкен географиялық аймаққа таралуы расымен де қауіпті фактор.

2001-жылғы 11 қыркүйек оқиғасынан соң әлем халқы үшін жаңа бір сұмдық сценарийдің беті ашылды. Ендігі таңда қандайда бір мемлекет емес, әлемге хаос орнатуды көздейтін кез-келген террористік топтардың қолына түсіп, өркениетті әлемге қарсы пайдалану қауіпі артты. Шын мәнінде террористер жаппай қырып-жою қаруын қолданбай-ақ үлкен көлемдегі бейбіт тұрғындарды мерт қыла алатынын көрсетті. Ал ядролық қаруға қол жеткізсе не болмақ? Бұл шынымен де ойланатын жағдай.

Таңқаларлығы сол – ядролық қару бар кезде ядролық тежелу сол қаруға ие мемлекеттердің ара-қатынасындағы маңызды элемент болып қала береді. Ядролық тежелуді тоқтату толық қарусыздануға қол жеткізген жағдайда ғана мүмкін болмақ. Дәл осы сияқты ядролық таралуға да осындай жолмен ғана тосқауыл қоюға болады.

Көптеген адамдардың санасында ядролық жанталаса қарулану қырғи-қабақ соғыспен байланысты болды. Қырғи-қабақ соғыс аяқталған соң ядролық қарулану да автоматты түрде аяқталады деп санады. Алайда олай болмай шықты. Мұның себебі ядролық жарыстың қырғи-қабақ соғыспен тұспа-тұс келуі шын мәнінде тарихи сәйкестік қана. Қырғи-қабақ соғыс 1945 – жылы Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан соң әлемнің АҚШ және КСРО бастаған екі лагерге бөлінуінен бастады. Қырғи-қабақ соғыстың сол кезде болмауы да мүмкін еді,



алайды бәрібір көп ұзамай ядролық қару жасалатын. Мұны ғылым мен техниканың жетілуі және оның әскери сала мен әлемдік сфераға ықпал етуінен пайда болған табиғи құбылыс деп қарастыруға болады. Немесе керсінше, ядролық қару ерте ме, кеш пе, бәрібір бір күні жасалатын, бірақ қырғи-қабақ соғыс басталмай қоймайтын еді. Себебі екінші дүниежүзілік соғыс аяқталған кезде дүниенің бәрі қирап, тек екі жеңімпаз мемлекет қана қалды. Олар бір-бірінен идеологиялық жағынан да, қоғамдық құрылысы жағынан да мүлде алшақ жатқан еді және олардың әлемді ықпал ету аймақтарына қайта бөлісуі – айналып өтуге келмейтін жағдай еді. Бұрынғы одақтастардың кейін бір-бірінің жауына айналып шыға келуі тарих үшін қалыпты құбылыс саналатын. Дегенмен де жаппай қырып жою қаруын жасауды бірінші болып қолға алған фашистік Германия еді. 1942-жылы АҚШ «Манхэттен» жобасын қолға алған кезде оның мақсаты ядролық қаруды Кеңес Одағына қарсы қолдану үшін емес, фашистік Германияның алдын орап кету үшін еді және оны алғаш және әзірге соңғы рет Германияның одақтасы Жапонияға қарсы қолданды. Қырғи-қабақ соғыстың басталуы бәрін өзгертіп жіберді. АҚШ-тың бұрынғы одақтасы, қолында ешқандай да ядролық қаруы жоқ Кеңес Одағы АҚШ-тың басты жауына айналды да, Германия мен Жапония ең жақын одақтастарына айналды. Сондықтан да қырғи-қабақ соғыстың аяқталуы әлемдік саясаттың факторы ретінде автоматты түрде ядролық қарусыздануға алып келуге тиіс емес еді. Ол үшін өте үлкен көлемде сол бағытта жұмыс жасайтын күш, интеллектуалды ресурс және мықты ақыл керек еді. Ондай ауқымды күшті ешкім бөлмеді. Қырғи-қабақ соғыс аяқтала салысымен көптеген саясаткерлер сабасына түсті де. Бұл мәселе өздігінен шешіледі деген қорытындыға келді, бірақ та олай болған жоқ [1].

Ядролық қаруға ие болудың тағы бір қыры – ол психологиялық аспект. Атом бомбасы алғаш рет АҚШ-та жасалған кезде ол соғыста қолданылатын жойқын қару ретінде және мемлекеттер арасындағы қарым-қатынас кезінде психологиялық қысым көрсету құралы ретінде қарастырылды. Ал Кеңес Одағы біреуді тежеу құралы ретінде емес, соғыс кезінде қолдану үшін жасады. Америка алғашқы жарылыстан 15 жыл өткен соң, тек XX-ғасырдың 50-шылдарының аяғында ғана ядролық қаруды қолдану мүмкін емес деген қорытындыға келді. Себебі мұның салдары ауыр және ондай соғыста жеңімпаз болмайтын еді. Мұндай қорытындыны әскери генералдардан емес, азаматтық мамандардан, жаратылыстанушы ғалымдар мен гуманитар ғалымдар тобынан құралған мамандар тобы жасады. Бұл кезде мемлекет мыңнан астам бомба жасап тастаған еді. Олардың жасаған стратегиясы бойынша ядролық қару соғыс уақытында қолдану үшін емес, сол соғысты болдырмау үшін және өзге елдердің тарапынан жасалатын кез-келген агрессиялық әрекеттің алдын алу үшін қажет.

Кеңес Одағы мұндай қорытындыға кешірек келді. Себебі мұнда жаратылыстанушы ғалымдар мен гуманитар ғалымдар мұндай мәселелерді еркін талқылай алмайтын. Марксизм-ленинизм теориясының аясында қатаң түрде тергеу жүргізу керек болды және әскери генералдар жасап берген әскери доктрина мен концепциялардың аясынан шыға алмайтын. Сондықтан да, Кеңес Одағы тек 20 жыл өткен соң ғана ядролық қаруды қолданудың мүмкін еместігін, қолданған жағдайдың өзінде де жеңіске жетуге мүмкіндік бермейтінін түсінді. Ол тек қарсыластың ықпалын тежеу үшін және ықтимал соғысты болдырмау үшін ғана қажет.

Ядролық текетіресте ядролық қауіп негізінен нақты бір бәсекелес мемлекеттен күтіледі. Өзге ядролық мемлекеттерден қауіп күтілмейді. Мысалы: Үндістан мен Ресейді алайық. Олар одақтас та емес, қарсылас та емес. Үндістанның ракеталары Ресейге еркін жете алады, ресейдікі де солай. Ресейдің арсеналы АҚШ-қа, Үндістанның арсеналы Пәкістан мен Қытайға бағытталғандықтан олар бір-бірінен қауіп күтпейді. Сол сияқты Франция мен Израильді, Қытай мен Пәкістанды да алуға болады. Олар одақтас болмаса да бір-біріне қарсы ядролық қаруларын кезенбейді [5].

Өзге елдердің де ядролық қаруға қол жеткізу себептері әртүрлі. Мысалы: Ұлыбритания мен Франция Кеңес Одағына тежеу болу үшін емес, Варшава Шарты Ұйымының екіпінді

танкілері өз шекараларына жақындағынан және жалпы артықшылыққа (пристиж) ие үшін ғана емес, қарсыластың қарапайым қарумен шабуылын тойтаруға үшін де иеленді. Израильдің де жағдайы сондай. Араб мемлекеттерінің ортасында отырғандықтан кезекті бір Таяу Шығыс соғысында жеңіліске ұшырап жатқан жағдайда өзін-өзі сақтап қалу үшін ядролық қаруын қолдануға мәжбүр болады.

Келесі бір ядролық держава – Үндістанның ядролық бағдарламаны қолға алуына екі себеп түрткі болды. Біріншісі ядролық қаруға ие Қытайға қарсы тұру, екіншісі Пәкістан тарапынан үнемі болып тұратын қауіпті сейілту. Алайда Үндістанның ядролық бағдарламаны қолға алуы оның көршісі Пәкістанның да ядролық қаруға ұмтылуына әкеліп соқты. 1965 – жылы кезекті Үндістан-Пәкістан соғыс кезінде Зульфикар Әли хан Бхутто: «Егер Үндістан өзінің атом бомбасын жасайтын болса, демек бізге де өз қаруымызды жасау керек онда. Ол үшін тіпті нан мен қара суға отырсақ та немесе аштықтан өлсек те. Бомба христиандарда бар, иудейлерде бар, енді индустарда да. Неге мұсылмандарға да өзінікін иеленбеске?»[6] деп қатаң түрде мәлімдеді.

Қорытынды. Негізінен алғанда ядролық қаруға ұмтылу мен ядролық қаруға иелік ету – ең алдымен психологиялық фактор. Мұндай қарумен қарсыласты тежеуге болады, өзге бір елдерге қысым көрсетуге болады және өзінді қорғауға болады. Алайда шындап келгенде ядролық қаруға ие ешбір мемлекет қарудың мұндай түрін іс жүзінде қолданып көруге тәуекел етпейді және қолданудың зардабы өте ауыр болатынын жақсы түсінеді. Сөйте тұра, бейнелеп айтқанда «отпен ойнаудан» қорықпайтын секілді. Әйткенмен де саяси ойыншыққа айналған осынау қарудың ерте ме, кеш пе бір күні қателіктен немесе абайсызда өздігінен іске қосылып кету мүмкіндігін ескерсек – мұның әлем үшін ауыр зардап әкелетінін түсіну қиын емес. Бір сөзбен айтқанда ядролық қару – қымбат ермек...

### Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. Ғылыми-практикалық түсіндірме. - Алматы: Раритет, 2015. -552 б.
- 2 «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28-қыркүйектегі N 2464 Конституциялық Заңы. [Электрон. ресурс]. -URL:<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z950002464>\_(қарастыру күні: 18.02.2019)
- 3 «Республикалық референдум туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 2-қарашадағы N 2592 Конституциялық Заңы. [Электрон. ресурс]. -URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z950002592>\_(қарастыру күні: 18.02.2019)
- 4 Қазақстан Республикасы Орталық Сайлау Комиссиясының ресми сайты. [Электронды ресурс] -2012.-URL:<https://www.election.gov.kz/kaz/r-saylau-zh-yes/r-saylau-zh-yes-turaly-ys-asha-a-parat.php> (қарастыру күні: 18.02.2019)
- 5 Қазақстан Республикасындағы сайлау жүйесі. //Қазақстан тарихы: Әдістемелік журнал. -2010. - №9. –Б.64-66.
- 6 Құрманбаева Ш. Сайлау және сайлану. //Ақиқат. -2003. -№9. –Б.8-15.
- 7 Лұқпанов А. Әділ сайлауға әзірлік пен әрекет. //Қазақстан-заман. -2004.-10-қыркүйек.
- 8 Жанпейісова Қ.Д. Сайлау технологиялары. /Оқу құралы. -Алматы:Эверо,2018. -293 б.
- 9 Саитова Н.А.Избирательная система как фактор повышения политической активности граждан и формирования международного имиджа Казахстана. //Вестник КазНУ. Серия философия.Серия культурология.Серия политология. -2010. -№ 1 (34). -Б.14
- 10 Сартаев С.С.,ИбраеваА.С. Избирательная система Казахстана: проблемы совершенствования. //Вестник КРСУ. -2008. -Том 8. -№ 2.- Б.119

<sup>1</sup>О.Ж. Өтеғұлов, <sup>2</sup>Б.Б. Бюлегенова, Г.Р. Шерьязданова <sup>3</sup>

<sup>1,2</sup>*Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, Нур-Султан, Казахстан*

<sup>3</sup>*Казахский Агротехнический университет им. С.Сейфуллина, Нур-Султан, Казахстан*

### **Ядерный баланс: распространение и сдерживание**

**Аннотация.** На сегодняшний день в нашей стране, несмотря на наличие научных трудов, посвященных проблеме ядерного оружия, трудов, представляющих конкретный анализ данного вопроса, немного. В этой статье анализируются распространение ядерного оружия в мире, вопросы ограничения ядерного вооружения, а также взаимоотношения между ядерными государствами.

В настоящее время в мире насчитывается более 10 стран, имеющих ядерное оружие, а также некоторое количество стран, стоящих на пороге его создания. Это можно рассматривать как серьезную угрозу мировой безопасности. Решение Казахстана как государства, сильно пострадавшего в результате ядерных испытаний в Советском Союзе, отказаться от своего ядерного арсенала, способствовало миру во всем мире. Казахстан продолжит политику ядерного разоружения. Однако отказ от него для государств, обладающих атомным оружием – большая проблема. Надеемся, что рассмотрение некоторых аспектов данной проблемы внесет свою лепту в изучение данного вопроса.

**Ключевые слова:** ядерное оружие, мир, США, Россия, Франция, Великобритания, Индия, Пакистан, Китай, ООН, холодная война, ядерное противостояние.

<sup>1</sup>O.J. Otegulov, <sup>2</sup>B.B. Byulegenova, <sup>3</sup>G.R. Sheryzdanova

<sup>1,2</sup>*L.N.Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan*

<sup>3</sup>*S. Seifullin Kazakh Agricultural University, Nur-Sultan, Kazakhstan*

### **Nuclear Balance: Spread and Deterrence**

**Abstract.** This article examines the current situations of nuclear weapon and its political and social influences. So far, there have been few studies in the scientific works that have been made in the country, with some research on nuclear weapons. This article analyzes the proliferation and proliferation of nuclear weapons, which are considered to be a weapon in the world, and relationships between nuclear-armed states. At present, more than 10 countries are in the world, and the state is trying to achieve this type of weapon. This can be regarded as a major threat to the world security. The refusal by Kazakhstan to abandon its nuclear arsenal as a state that was heavily damaged by nuclear tests has contributed to peace in the world. Kazakhstan will continue to pursue its policy of nuclear disarmament. However, it is very difficult for states with nuclear weapons to abandon their weapons. In this article, we will deal with nuclear weapons issues. Therefore, we hope that this article will help to compensate for the problem.

**Keywords:** nuclear weapons, peace, USA, Russia, France, Great Britain, India, Pakistan, China, UN, cold war, nuclear confrontation

### **References**

1 Kazakhstan Republicasynyn Constitutsiasy [Cientifically-practical dubbed word]. (Raritet, Almaty, 2015). [in Kazakh]

2 «Kazakhstan Respublikasyndagy Saylau turaly» Kazakhstan Respublikasynyn 1995 zylgy 28-kyrkyiektegy N 2464 Constitutsialyk Zany [Constitutional Law of the Republic of Kazakhstan dated September 28, 1995 N 2464 “On Elections in the Republic of Kazakhstan”] Available at: [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z950002464\\_](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z950002464_) [in Kazakh] (accessed: 18.02.2019)

3 «Respublikalyk referendum turaly» Kazakhstan Respublikasynyn 1995 zylgy 2-karashadagy N 2592 Constitutsialyk Zany. [The Law of the Republic of Kazakhstan “On Republican Referendum” of 1995. Constitutional Law N 2592 of November 2]. Available at: [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z950002592\\_](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z950002592_) [in Kazakh] (accessed: 18.02.2019)

4 Kazakhstan Respublikas Ortalyk Saylau Comissiasynyn resmisaity [The official website of the Central Election Commission of the Republic of Kazakhstan]. Available at: <https://www.>

election.gov.kz/kaz/r-saylau-zh-yes/r-saylau-zh-yes-turaly-ys-asha-a-parat.php [in Kazakh] (accessed: 18.02.2019)

5 Kazakstan Respublikasyndagy saylau zhuiesy [Electoral system in the republic of Kazakhstan], Қазақстан тарихы: Әдістемелік журнал [History of Kazakhstan: Methodological journal], **9**, 64-66 (2010)[in Kazakh]

6 Құрманбайева С. Saylauzhanesaylanu. [Elect and be elected], Akikat, 9, 8-15 (2003). [in Kazakh]

7 Lukpanov A. Adil saylaugaazirlik pen areket. [Preparation and action for fair elections]. (Kazakstan-zaman, 2004, 10 September). [in Kazakh]

8 Zhanpeyisova K.D. Saylautechnologiasy. Oku kuraly.[Celective technology]. (Evero, Almaty,2018). [in Kazakh]

9 Saitova N.A. Izbiratel'naya sistema kak faktor povyisheniya politicheskoy aktivnosti grazhdan i formirovaniya mezhdunarodnogo imidzha Kazahstana [The electoral system as a factor in increasing the political activity of citizens and the formation of the international image of Kazakhstan], Vestnik KazNU. Seriya filosofiya.Seriya kulturologiya.Seriya politologiya [Bulletin of KazNU. A series of philosophy. A series of cultural studies. Political science series], **1(34)**, 14 (2010). [in Russian]

10 Sartaeв S.S., Ibraeva A.S. Izbiratel'naya sistema Kazahstana: problemyi sovershenstvovaniya [Election system of Kazakhstan: problems of improvement], Vestnik KRSU [Bulletin of KRSU], **2(8)**, 119(2008). [in Russian]

**Авторлар туралы мәлімет:**

**Өтегүлов О.Ж.** - саясаттану кафедрасы магистранты, журналистика және саясаттану факультеті, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Янушкевич көш. 6, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

**Бюлегенова Б.Б.** - саяси ғылымдар кандидаты, саясаттану кафедрасы доценті, журналистика және саясаттану факультеті, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Янушкевичкөш. 6, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

**Шериязданова Г.Р.** - саяси ғылымдардын кандидаты, С.Сейфуллин атындағы Қазақ Агротехникалық университетінің Философия кафедрасының профессор м.а., Жеңіс даңғылы 90, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

**Otegulov O.J.** – Master degree Student of Department of Political Science, Faculty of Journalism and Political Science, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 6 Yanushkevich str., Nur-Sultan, Kazakhstan.

**Byulegenova B.B.** - Candidate of Political Sciences, Associate Professor of the Department of Political Science, Faculty of Journalism and Political Science, L.N.Gumilyov Eurasian National University, 6 Yanushkevich str., Nur-Sultan, Kazakhstan.

**Sheryazdanova G.R.** -PhD, Associate Professor of Philosophy Department, S. Seifullin Kazakh Agricultural University, 90 Pobeda str., Nur-Sultan, Kazakhstan.